# "1997-1998 жылдарға арналған есірткіні теріс пайдалануға және заңсыз таратуға қарсы іс-қимыл жасаудың кешенді шаралары" жөніндегі үкіметтік мақсатты бағдарлама туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 5 наурыз N 305. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.05.06. N 677 қаулысымен. ~P000677

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "1997-1998 жылдарға арналған есірткіні теріс пайдалануға және заңсыз таратуға қарсы іс-қимыл жасаудың кешенді шаралары" туралы Үкіметтік мақсатты бағдарлама бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Мүдделі министрліктер мен ведомстволардың қызметкерлері қатарынан Есірткіні бақылау жөніндегі мемлекеттік комиссияның Тұрақты жұмыс істейтін хатшылығы қосымшаға сәйкес құрамда құрылсын.

3. Қазақстан Республикасының Есірткіні бақылау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы екі айдың ішінде Есірткіні бақылау жөніндегі мемлекеттік комиссияның Хатшылығы туралы ережені әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 5 наурыздағы
N 305 қаулысымен
бекітілген

ҮКІМЕТТІК МАҚСАТТЫ БАҒДАРЛАМА

"1997-1998 жылдарға арналған есірткіні теріс пайдалануға
және заңсыз таратуға қарсы іс-қимыл жасаудың
кешенді шаралары"

1997-1998 жылдарға арналған "Есірткіні теріс пайдалануға және заңсыз таратуға қарсы іс-қимыл жасаудың кешенді шаралары" туралы үкіметтік мақсатты бағдарлама Есірткіні бақылау жөніндегі мемлекеттік саясаттың тұжырымдамасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасын орындау үшін әзірленді. Бағдарламада 1997-1998 жылдарға және 2000 жылға дейін кезеңге арналған қылмысқа қарсы күресті күшейту жөніндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламасының ережелері ескерілді.

## 1. Жағдайдың сипаттамасы

Есірткілік заттарды теріс пайдалану және олардың заңсыз айналымы соңғы жылдары дүние жүзілік маңызды проблемалардың біріне айналды және бүкіл әлемдік қоғамдастықтың ұлғая түскен алаңдаушылығын туғызып отыр. Бүгіндері планетамызда осы қауіпті құбылыстың теріс жағынан көрінбеген жері жоқ. Нашақорлықтың таратылуына қарсы күресті күшейтуді біріктіру үшін арнаулы халықаралық ұйымдар құрылып, жұмыс істейді, мемлекеттердің бірлескен қызметтерінің бағдарламалары қабылданып, жүзеге асырылып жатыр. БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы есірткіні теріс пайдалануға қарсы күрестің он жылдығын (1991-2000 жылдар) жариялап, қарсы әрекет істеудің кешенді ұлттық бағдарламасын әрбір мемлекеттің қабылдануын ұсынды.

Нашақорлық және онымен байланысты қылмыс Қазақстан Республикасында күннен-күнге кең ауқымға ие болуда және қоғамдағы моральдық психологиялық ахуалға барынша елеулі түрде әсерін тигізуде. Есірткіні медициналық емес мақсатқа пайдалануға жол беретін адамдардың саны тұрақты түрде көбеюде. Әлеуметтік зерттеу көрсетіп отырғанындай, олардың саны қазіргі кезде 17 мыңнан астам адамды құрайды. Әсіресе жастардың арасында нашақорлықтың таралуы үлкен алаңдатушылық туғызып отыр. Есірткі пайдаланатындардың үштен екісі дерлік, 30 жасқа дейінгі адамдар, балалар мен жасөспірімдердің нашақорлығы ұлғаюда.

Есірткімен байланысты қылмыс та өсіп келеді. Мұндай қылмыстардың саны соңғы 5 жылда төрт есеге дейін өсті және 1995 жылы 13 мыңға жетті. Жекелеген аймақтарда мүліктік қылмыстардың 60%-ке дейіні нашақорлықтың кесірінен жасалады. Есірткіні теріс пайдаланудың бой алуы және оған бағаның күрт өсуі, есірткілік заттардың ұйымдасқан түрде таратылуын жүзеге асыратын қылмыстық құрылымдардың тууына және өсуіне қолайлы жағдай жасауда.

Қазақстанның геосаяси жағдайының ерекшеліктері, қолданылып жүрген заңдардың жетілдірілмеуі, кедендік және шекаралық бақылауды ұйымдастыру мен қамтамасыз етудің қиындығы халықаралық есірткімен сауда

жасайтындардың жіті назарын аударып, олардың ішкі есірткі бизнесімен қосылуы шындыққа айналуда.

Республика үшін таяу жылдарға арналған есірткі жағдайының жалпы болжамы өте қолайсыз.

Нашақорлықтың таралу ауқымы мен қарқыны, есірткілік заттардың заңсыз айналымының кең өріс алуы, қолданылып жүрген шаралардың нәтижелілігінің төмендігі туралы куәландырады. Осы салада белгілі бір жұмыс тәжірибесі және айтарлықтай материалдық әлеуеті бар әртүрлі қауымдастықтар мен қорлар қызметінің тиімділігі шамалы болып қалып отыр. Осы уақытқа дейін дәрігерлер мен психологтар нашақорларды тиімді емдеу мен нашақорлықпен ауыратындарды емдеу мен оңалтудың тиімді әдістерін жасаған жоқ. Құрамында есірткі бар өсімдіктердің егістерін анықтайтын және жоятын қажетті техникалық құралдар мен жабайы өсетін сораны жоюға арналған экологиялық таза препараттар жоқ. Заң жетілдіруді қажет етіп, оны халықаралық стандартқа келтіру қажеттілігі туып отыр. Есірткіге қарсы насихат жүргізетін жүйе құрылған жоқ. БҰҰ қабылдаған Есірткінің заңсыз айналымы мен психотроптық заттарға қарсы іс-қимылдың бүкіләлемдік бағдарламасы шеңберінде халықаралық ұйымдардың мүмкіндіктері жеткіліксіз қолдануда.

Бұл жағдайларда есірткінің таралуына қарсы тиісті және тиімді шаралардың жоқтығы, нашақорлықтың заңсыз таралуы елдің қауіпсіздігі, Қазақстан халқының денсаулығы мен салауаттылығы үшін кең көлемдегі қатерге әкеліп соғуы мүмкін.

Қалыптасқан жағдайға талдауды, оның таяу болашақтағы даму болжамын негізге ала отырып, әлеуметтік, медициналық, құқықтық және ұйымдастырушылық сипаттағы жалпы мемлекеттік үйлестірілген шаралар кешенін көздейтін, есірткіні теріс пайдалануға және олардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл жасаудың мемлекеттік мақсаттағы бағдарламасын тезірек қабылдау және оны жүзеге асырудың қажеттігі анық болып отыр.

## 2. Бағдарламаның мақсаттары мен принциптері

Бағдарламаның басты мақсаты, есірткіні заңсыз пайдалану мен айналымының өсуін тоқтату, ал одан кейін нашақорлық пен оған байланысты құқық бұзушылықтарды қоғамға қауіпсіз боларлықтай төменгі дәрежеге дейін кезең-кезеңімен қысқарту болып табылады. Бағдарламаны орындау мүдделі мемлекеттік органдар, қоғамдық құрылымдар, үкіметтік емес ұйымдар мен азаматтардың күштерін біріктіру негізінде жасалады.

Есірткінің таралуына қарсы күресте, нашақорлық пен оған байланысты құқық бұзушылықтың алдын алуда қоғамның қызметін жетілдіруге және күштерін арттыруға басым назар аударылады.

Бағдарламаны қаржы жағынан қамтамасыз ету республика бюджеті бекітілген кезде жыл сайын қаралатын болады.

1. Ұйымдастыру және құқықтық шаралар

| N р/с | Шаралар | Орындаушылар |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | Мынадай кешенді зерттеулер жүргізу: республика тұрғындары арасында іріктемелі эпидемиологиялық зерттеулер жолымен есірткілік заттарды медициналық емес мақсатта пайдаланудың ауқымы | Ұлтстатагенттігі, Экономсаудамині, Білім және мәдениетмині, МТК (келісім бойынша) |
| | есірткілік заттардың заңсыз айналымының және нашақорлықпен байланысты қылмыстың жасырындылығының деңгейі | Ішкіісмині, Мемкеденкомы Әділетмині, МТК, ҰҚК (келісім бойынша) |
| | нашақорлықтың таралуынан мынадай салаларда шыққан материалдық шығындар: | |
| | өндіріс (есірткілік заттарды пайдалану нәтижесінде болған апаттар, жұмысқа себепсіз шықпай қалушылық, жарақат алу, жұмысқа қабілетсіз және басқа да экономикалық тұрғыдағы негативтік факторлар) | Ұлтстатагенттігі, Экономсаудамині, Ғылыммині-Ғылым Академиясы, Денсаулықмині |
| | Денсаулық сақтау (нашақорларды емдеуге арналған шығындар, өндіріс және арнаулы жабдықтарды пайдалану, оңалту шаралары, қызмет көрсететін персоналдарды ұстау | Денсаулықмині, Ұлстатагенттігі, Экономсаудамині, Еңбекәлеуметмині |

| | | |
|---|---|---|
| | және т.б.) | |
| | құқық тәртібі және әділ сотты жүзеге асыруда (құқық қорғау органдарының іс жүргізу қызметіне, арнаулы шаралар өткізуге және т.б. жұмсалатын шығындар) | Ішкіісмині, Әділетмині, Мемкеденкомы, Бас прокуратура, МТК, ҰҚК (келісім бойынша) |
| 2. | Тұрғындардың нашақорлық деңгейінің кешенді зерттелуінің нәтижелерін есепке ала отырып, оның сандық және сапалық сипатының экспресс-әдісінің өлшемін, сондай-ақ есірткінің заңсыз айналымымен байланысты қылмыстың құрылымы мен динамикасын әзірлеу. Осы негізде есірткіні теріс пайдалану жағдайларына ұдайы аймақтың және республикалық талдаулар жүргізу және іс-қимыл жасау шараларын дәл уақытында қолданылуды қамтамасыз ету | Ішкіісмині,Денсаулықмині Әділетмині, Ұлтстатагенттігі, Экономсаудамині, МТК (келісім бойынша) |
| 3. | Осы Бағдарламаның негізінде және оның ережелерін орындау үшін есірткілік заттарды теріс пайдалануға және олардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл жасаудың аймақтық (облыстық, қалалық, аудандық) бағдарламаларын ұсыну, әзірлеу және қабылдау | Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдері |
| 4. | Ішкіісмині және МТК құрамындағы жоғары мектептерде есірткіні заңсыз таратуға қарсы іс-қимыл жасау мәселелері бойынша мамандардың біліктілігін көтеру жөніндегі ведомствоаралық орталық құру | Ішкіісмині,Денсаулықмині Білім және мәдениетмині, Мемкеденкомы, МТК (келісім бойынша) |
| 5. | Мыналар әзірленсін: | |
| | Заң актілерінің жобалары: | |
| | Есірткілік заттар, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымымен олардың теріс пайдалануына | Ішкіісмині,Денсаулықмині Сыртқыісмині,Әділетмині, Мемкеденкомы, МТК, ҰҚК |

| | | |
|---|---|---|
| | қарсы іс-қимыл жасау шаралары туралы | (келісім бойынша) |
| | Ұйымдастыру-құқықтық негіздер:<br>есірткілік заттарды медициналық емес мақсатта пайдалануға жол беретін азаматтардың түрлі санаттарын табу, куәландыру және есепке алу | Ішкіісмині,Денсаулықмині Білім және мәдениетмині, МТК, ҰҚК (келісім бойынша) |
| | есірткі бизнесі арқылы табылған қорларды заңдастыру фактілерінің жолын кесу мақсатында банк және коммерциялық құрылымдардың қызметіне бақылау жасауды қамтамасыз ету | Ішкіісмині, Ұлттық банк, МТК, ҰҚК (келісім бойынша) |

2. Есірткілік заттарды теріс пайдаланудың алдын алу

| | | |
|---|---|---|
| 6. | Есірткілік заттардың заңсыз сұранымының алдын алу және қысқарту мақсатында мыналар әзірленсін:<br>оқушы жастар мен мектеп жасына дейінгілер арасында есірткіге қарсы жұмыстардың әдіснамасы мен әдістемесін өткізу (ұсынымдар басып шығару) | Білім және мәдениетмині, Денсаулықмині, Еңбекәлеуметмині |
| | теледидар мен радио бойынша балалар мен жасөспірімдер арасындағы нашақорлықтың алдын алудың ғылыми негізделген принциптерін, теле-радио материалдардың сынама үлгілерін олардың мониторингінің тиімділігін жасау | Білім және мәдениетмині, Денсаулықмині "Қазақстанның теледидары және радиосы" республикалық корпорациясы |
| | балалардың бойынша есірткі пайдалануға жағымсыз қарым-қатынас қалыптастыруға ата-аналарға арналған оқу құралы (әзірленген оқу құралын басып шығару) | Білім және мәдениетмині, Денсаулықмині |
| | есірткіге қарсы оқытуға, жалпы білім беретін мекемелерде (мектеп жасына дейінгілерге, бастауыш және орта | Білім және мәдениетмині, Денсаулықмині |

| | | |
|---|---|---|
| | мектеп, КТУ оқушылары үшін) салауатты және қауіпсіз өмір салтын насихаттауға арналған бағдарламалар мен көрнекі оқу құралдары | |
| | құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, дәрігерлерге, педагогтарға және ата-аналарға есірткіні медициналық емес мақсатта пайдаланатын адамдарды табу жөніндегі ұсынымдар | Ішкіісмині,Денсаулықмини Білім және мәдениетмині, МТК (келісім бойынша) |
| 7. | Білім органдары мен мекемелерінде, Еңбекәлеуметминінің кәмелетке толмағандарды әлеуметтік оңалту арнаулы мекемелерінде бекітілген штат санының шегінде психологиялық-педагогикалық қызмет құру. Жағдайдың жасалуына қарай бекітілген штат саны шегінде, мектеп жасына дейінгі және оқу орындарының штаттарына психологтарды кіргізу | Білім және мәдениетмині, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдері |
| 8. | Психологиялық-педагогикалық қызмет, есірткілік заттарды теріс пайдаланатын балалар мен жасөспірімдерді педагогикалық оңалту орталықтары туралы үлгілік Ережелер әзірлеу | Білім және мәдениетмині, Денсаулықмині |
| 9. | Жоғары және орта арнаулы оқу орындарына білім беру бағдарламасына есірткіні теріс пайдалану және олардың заңсыз айналымы проблемалары жөнінде қосымша тақырыптар (курстар) енгізуді ұсыну | Білім және мәдениетмині |
| 10. | Оқу орындары мен тұрғылықты жерлері бойынша есірткілік заттарды теріс пайдаланудың алдын алуға бағытталған жасөспірімдердің физкультуралық-спорттық орталықтарының | Білім және мәдениетмині, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері |

| | |
|---|---|
| жұмыс істеуін қамтамасыз ету | |
| 11. Әділет министрлігінің Соттық-сараптау ғылыми-зерттеу институтының негізінде, есірткілік заттардың заңсыз айналымы мен оларды дайындауға қолданылатын жабдықтарға мемлекеттік бақылауды құқықтық және ғылыми қамтамасыз ету мәселелері бойынша ұлттық лаборатория құру | Әділетмині |
| 12. Жұмысқа наркологиялық тексеру жүргізілгеннен кейін рұқсат етілетін кәсіптердің тізбесін қайта қарау | Еңбекәлеуметмині, Денсаулықмині |

### 3. Есірткілерді медициналық емес мақсатта пайдаланушы адамдарды емдеу, еңбекке қабілеттілігін қалпына келтіру және оңалту

| | |
|---|---|
| 13. Нашақорлықпен ауыратын адамдарды емдеудің неғұрлым тиімді әдістерін, әлеуметтік және медициналық оңалту мен әлеуметтік жағдайын қалпына келтіру, сондай-ақ оны жүзеге асырудың ұйымдастырушылық-әдістемелік үлгілерін әзірлеу | Денсаулықмині, Ішкіісмині Білім және мәдениетмині |
| 14. Мыналарды әзірлеу мен практикаға енгізуді жалғастыру: | |
| есірткі пайдалануға тосқауыл болатын психологиялық қорғаныс әдістері | Денсаулықмині, Ғылыммині Ғылым академиясы |
| әлемдік тәжірибелерді ескере отырып, жоғары аурубасқыш тиімділігі кезінде есірткілік әсерінің аздығымен ерекшелінетін психоактивтік заттарды енгізу мәселесін зерделеу | Денсаулықмині, Ғылыммині Ғылым академиясы |

| | |
|---|---|
| әртүрлі жұмыс істеу принциптерінде есірткіден мас болуды айқындайтын, алып жүретін және тұрақты приборлардың дүние жүзілік практикада қолданылу тәжірибесін зерделеп, одан әрі олардың ішіндегі ең үнемді, қолдануға қарапайым және тиімдісін сатып алуға ұсыным жасау | Денсаулықмині,Ішкіісмині МТК, ҰҚК (келісім бойынша) |
| Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының базасында есірткілік және қатты әсер ететін заттарды, дәрілік препараттар мен улы заттарды зерделеу бойынша ғылыми әдістемелер | Ғылыммині - Ғылым академиясы, Әділетмині, Денсаулықмині, МТК (келісім бойынша) |
| 15. Нашақорлықтың алдын алу саласындағы мамандардың даярлау және қайта даярлауды қамтамасыз ету: | |
| меншік нысанына қарамастан оқу орындарының, медицина ұйымдарының медициналық персоналдарын | Денсаулықмині, Білім және мәдениетмині |
| денсаулық сақтаудың есірткіден емдеу мекемелері мен нашақорларды әлеуметтік оңалту мекемелерінің мамандарын | Денсаулықмині, Ішкіісмині |
| 16. Есірткінің тарау деңгейі жоғары елді мекендер аймақтарында диагностикалық жылжымалы есірткі лабораторияларын құруды ұсыну | Денсаулықмині, Ішкіісмині, облыстар әкімдері |
| 17. Есірткіден емдеу мекемелерін нашақорларды емдеуге бағытталған қазіргі заманғы дәрілік препараттармен қамтамасыз ету | Денсаулықмині, "Фармация" АҚ |
| 18. Есірткі пайдалануға бейім кәмелетке толмағандарды психологиялық-педагогикалық | Білім және медениетмині |

| | |
|---|---|
| оңалту жөнінде мұғалімдерге арналған оқу құралдарын әзірлеу және басып шығару | |
| 19. Есірткі пайдалануға бейім балалар мен жасөспірімдерді медициналық-әлеуметтік педагогикалық оңалтудың аймақтық орталықтарын құруды ұсыну | Білім және мәдениетмині, Денсаулықмині, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдері Ішкіісмині, МТК (келісім бойынша) |
| 20. Еңбекпен түзеу мекемелерінде есірткі пайдаланатын адамдардың емделу практикасын зерделеу. Қорытындысы бойынша оның тиімділігін арттыру шараларын әзірлеу және жүзеге асыру | Ішкіісмині,Денсаулықмині |
| 21. Нашақорлықпен ауыратындарға консультация алуға және жасырын емделу үшін сенім телефондары бар кабинеттер ұйымдастыру | Денсаулықмині, Білім және мәдениетмині, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері |

4. Есірткі заттарының шығарылуы мен таратылуына бақылауды қамтамасыз ету

| | |
|---|---|
| 22. Есірткілік заттар мен күшті әсер ететін заттардың тізімін, олардың мөлшерінің өлшемдерін айқындауды жыл сайын қайта қарау | Денсаулықмині,Ішкіісмині Әділетмині, Мемкеденкомы Жоғарғы Сот (келісім бойынша) |
| 23. Олардың көмегімен немесе олардан есірткілік заттар жасалуы мүмкін жабдықтардың, химиялық заттардың тізбесін айқындау | Ішкіісмині,Денсаулықмині Экономсаудамині, Ғылыммині - Ғылым академиясы |
| 24. Әділет министрлігінің ғылыми және кадр әлеуетін және ҚазССҒЗИ мен Заң ҒЗИ-ын қоса алғанда, оның құрылымдық бөлімшелерін пайдалана отырып, есірткіні теріс пайдалануға және | Әділетмині |

| | |
|---|---|
| заңсыз таратуға қарсы іс-қимыл жасауды құқықтық қамтамасыз ету және құқық қолдану практикасы саласында, перспективалық Ғылыми зерттеулер бағдарламасын әзірлеу және жүзеге асыру | |
| 25. Есірткілік және күшті әсер ететін заттарды өндіру, сақтау, тасымалдау, заңды пайдалану, есептен шығаруды реттейтін құқықтық және бақылау-техникалық ережелерді әзірлеу | Денсаулықмині,Ішкіісмині Экономсаудамині, Ғылыммині - Ғылым академиясы, Мемкеденкомы Бас Прокуратура (келісім бойынша) |
| 26. Есірткілік заттарды, сондай-ақ,олардың көмегімен немесе олардан есірткі заттары жасалуы мүмкін құрал-жабдықтарды, химиялық заттар мен прекурсорларды Қазақстан Республикасынан әкету және әкелу ережесін әзірлеу | Ішкіісмині, Әділетмині Экономсаудамині, Ғылыммині - Ғылым академиясы, Мемкеденкомы Бас Прокуратура (келісім бойынша) |
| 27. Мыналар әзірленсін: | |
| сериялық өндіріске түсетін және шетелден сатып алынатын дәрілік препараттардың құрамына фармакологиялық бақылау жүйесі | Денсаулықмині,Ішкіісмині |
| құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне көмекте есірткілік заттардың жаңа түрлерін айыру әдістемесі | Ішкіісмині,Денсаулықмині Мемкеденкомы, МТК (келісім бойынша) |
| 28. Құрамында есірткілік заттар бар дәрілік препараттар өндірілетін, сақталатын және сатылатын дәріханаларға, химфармкәсіпорындарына, қоймаларға, басқа да орындарға кешенді тексерістер жүргізу. Оның нәтижесі бойынша мұндай объектілердің | Денсаулықмині,Ішкіісмині |

| | |
|---|---|
| тізбесін қайта қарап, қызметтің бұл түріне лицензиялар беру | |
| 29. Мыналар әзірленсін: | |
| құрамында есірткі бар өсімдіктерді жоюға арналған жаңа және қолданылып жүрген экологиялық қауіпсіз препараттарды бейімдеу | Ауылшармині, Экобиоресурсмині, Ғылыммині - Ғылым академиясы |
| құрамында есірткі бар өсімдіктерді жоюға арналған, жаңадан жасалған және бейімделген химиялық препараттарды жеткізу және диспергирлеу әдістері | Ішкіісмині, Ауылшармині, Ғылыммині - Ғылым академиясы |
| ауыл шаруашылығы дақылдары егісінде құрамында есірткі бар өсімдіктерді жою жөніндегі агротехникалық шаралар | Ауылшармині, Ғылыммині - Ғылым академиясы |
| құрамында есірткі бар өсімдіктерді жоюдың жасалған әдістеріне экологиялық сараптама жүргізу | Экобиоресурсмині, Ауылшармині, Ғылыммині - Ғылым академиясы |
| 30. Құрамында есірткі бар жабайы өсімдіктерді және заңсыз егілген егістерді табу және жою жөніндегі шараларды тұрақты түрде өткізуді қамтамасыз ету | Облыстар, Алматы қаласы әкімдері, Ауылшармині, Ішкіісмині, МТК (келісім бойынша) |

5. Есірткілік заттардың заңсыз айналымының жолын кесу

| | |
|---|---|
| 31. Есірткінің Қазақстан аумағымен тарауының негізгі бағыттары бойынша заңсыз тасымалдауы мен транзитінің жолын кесуге шаралар әзірлеу | Ішкіісмині, Көліккоммині, Мемкеденкомы, МТК, ҰҚК (келісім бойынша) |
| 32. Мыналар құрылсын: | |
| компьютер техникасы негізінде, Ішкіісмині мен МТК ақпараттық-есептеу орталықтарының базасында есірткілердің | Ішкіісмині, Сыртқыісмині "Интерпол" ұлттық бюросы, Мемкеденкомы, МТК |

| | |
|---|---|
| заңсыз айналымына қатысушы адамдар туралы ақпараттарды, сондай-ақ оларды таратуға қарсы күрестің жай-күйін, оның халықаралық жүйедегі перспективалық ынтымақтастығын көрсететін деректерді жинау, талдау және оны жинақтап қорытудың бірыңғай ведомствоаралық автоматты жүйесі | (келісім бойынша) |
| Ішкіісмині мен МТК ақпараттық-есептеу орталықтарының базасында, Қазақстан шегінде (өндіріс пунктінен босату пунктіне: дәріханаларға, емдеу-профилактикалық, ғылыми және өзге мекемелерге) құрамында есірткі бар дәрілік препараттардың, соның ішінде импорт бойынша түскен және экспортқа арналғандарының қозғалысына тікелей бақылау жасайтын компьютерлік жүйе | Денсаулықмині,Ішкіісмині Мемкеденкомы |
| 33. Почта байланыстары мекемелерінде почта ережесінің почта арқылы есірткілік заттар салуға тыйым салынған бөлігіндегі талаптарын сақтауға, почта жөнелтушілердің жауапкершілігі туралы тұрғындарға арналған ақпаратты қамтамасыз ету | Көліккоммині |
| 34. Заңсыз айналысқа түсетін есірткілік және күшті әсер ететін дәрілік заттардың көзін табу және жою мақсатында жыл сайын тиісті кешенді операциялар өткізу | Ішкіісмині,Мемкеденкомы, МТК (келісім бойынша) |
| 35. Өсімдік тектес есірткілік заттардың заңсыз айналымға түсуінің жолын кесу және жою мақсатында жыл сайын "Мак", "Допинг" кешенді алдын алу операцияларын өткізу | Ішкіісмині,Мемкеденкомы, МТК, ҰҚК (келісім бойынша) |

| | |
|---|---|
| 36. Есірткінің заңсыз айналымымен күрес саласында халықаралық ынтымақтастық: | |
| есірткіні теріс пайдалануға және олардың заңсыз айналысына қарсы күреспен айналысатын халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты кеңейту. Қазақстан Республикасының тиісті халықаралық конвенциялар мен келісімдерге қосылуы туралы Үкіметке ұсыныстар енгізу | Ішкіісмині,Сыртқыісмині, Денсаулықмині, Мемкеденкомы, МТК, ҰҚК (келісім бойынша) |
| есірткіні бақылау және нашақорлықтың таралуымен күрес саласында басқа мемлекеттермен және бәрінен бұрын ТМД мемлекеттерімен көп жақты және екі жақты шарттар мен келісімдердің жасалу практикасын жалғастыру | Сыртқыісмині,Ішкіісмині, Әділетмині, Мемкеденкомы МТК, ҰҚК, Бас Прокуратура (келісім бойынша) |
| кадрлар даярлау, құрамында есірткі бар өсімдіктер егісін ауыл шаруашылығының басқа дақылдарымен ауыстыру, материалдық-техникалық жабдықтауға, заң актілері мен ұлттық бағдарламаларының жобаларына сараптама жүргізу т.б. салаларда, бірлескен бағдарламаларды әзірлеу тұрғысында Есірткіні халықаралық бақылау жөніндегі БҰҰ Бағдарламасымен ынтымақтастықты жандандыру | Сыртқыісмині,Ішкіісмині, Мемкеденкомы, МТК, ҰҚК (келісім бойынша) |
| есірткіні негізгі шығаратын елдер мен таяу және алыс шет елдердегі есірткі транзиті елдерімен байланыс офицерлерін алмасу туралы мәселені пысықтау | Сыртқыісмині,Ішкіісмині, Мемкеденкомы, МТК, ҰҚК (келісім бойынша) |
| есірткінің заңсыз айналымына қарсы іс-қимылдар ұйымдастыру мәселелері жөнінде шетелдердің құқық қорғау | Ішкіісмині,Сыртқыісмині, Мемкеденкомы,Әділетмині, Денсаулықмині, МТК, ҰҚК |

органдарымен және арнаулы қызметтерімен Бас Прокуратура (келісім
тұрақты негізде байланыс орнату және бойынша)
оған қолдау көрсету. Осы мәселе
бойынша халықаралық семинар-кеңестерге
қатысу

есірткінің таратылуына және оны теріс Ішкіісмині,Сыртқыісмині,
пайдалануға қарсы күрес проблемалары Мемкеденкомы,Әділетмині
бойынша, қол қойылған Келісімдердің МТК, ҰҚК (келісім
шеңберінде Қазақстан Республикасының бойынша)
халықаралық міндеттемелерін орындауды
қамтамасыз ету

| N | Орындау мерзімі | Қаржы қажеттілігі (млн. теңге), қаржыландыру көзі | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Барлығы | 1997 жыл | 1998 жыл |
| 1 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1. | 1997-1998 | 0,3 | 0,3 | |
| | | 0,2 | 0,2 | |
| | 1997 | Аталған ведомстволар мен министрліктердің қаражаты | | |
| | 1997-1998 | 103,7 | 103,7 | |
| | 1998 | 11,3 | 11,3 | |
| | | Аталған ведомстволар мен министрліктердің қаражаты | | |
| 2. | " | 1,2 | 1,2 | |
| 3. | 1997 | Жергілікті бюджеттер | | |
| 4. | 1998 | 74,2 | 74,2 | |
| 5. | 1997 | Аталған министрліктер мен комитеттердің қаражаты | | |
| | 1997 | Аталған министрліктер мен комитеттердің қаражаты | | |

Бұл да сол

6.

1997-1998 342 342

1997-1998 0,1 0,1

1998 8,1 8,1

1997 Аталған министрліктердің қаражаты

1998 6,1 6,1

7. 1998 1,1 1,1

8. 1997 Аталған министрліктердің қаражаты

9. 1997-1998 Білім және мәдениетминінің қаражаты

10. 1998 26 26

11. 1997 Аталған министрліктердің, Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының қаражаты есебінен

12. " Аталған министрліктердің қаражаты

13. 1998 0,1 0,1

14.

1997-1998 0,1 0,1

1998 Аталған министрліктердің қаражаты

1997 Аталған министрліктер мен комитеттердің қаражаты

1998 4 4

15.

" 1 1

1998 3,4 3,4

16. 1997 4,1 4,1

17. 1997-1998 Аталған министрліктер мен жергілікті бюджеттердің қаражаты

18. 1998 0,02 0,02

19. " 24,1 24,1

20. 1998 1,3 1,3

21. 1997 Аталған министрліктер мен жергілікті бюджеттердің қаражаты

22. 1997-1998 0,5 0,5

23. 1997 Аталған министрліктердің қаражаты

24. 1997 Аталған министрліктің, Ғылыммині - Ғылым академиясының қаражаты

25. 1998 0,3 0,3

26. 1997 Аталған министрліктердің қаражаты

27. 1997 Аталған министрліктердің қаражаты

1998 3,5 3,5

28. 1997-1998 0,6 0,6

29. 1998 84 84

1997 0,1 0,1

Және аталған министрліктердің қаражаты

1998 84 84

1998 4,1 4,1

30. 1997-1998 8 4 4

Және аталған министрліктер мен
комитеттердің қаражаты

31. 1997-1998 0,3 0,3

Және аталған министрліктердің
қаражаты

32. 1997-1998 2,7 2,7

Және аталған министрліктер мен
комитеттердің қаражаты

1998 0,6 0,6

33. 1997 Аталған министрліктердің қаражаты

34. 1997-1998 17,6 17,6

Және аталған министрліктердің
және комитеттердің қаражаты

35. 1997-1998 86,8 86,8

36. 1997-1998 Аталған министрліктер мен
комитеттердің қаражаты

1997-1998 Бұл да сол

" Бұл да сол

" Аталған министрліктер мен
комитеттердің қаражаты

" Бұл да сол

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 5 наурыздағы
N 305 қаулысына
Қосымша

Қазақстан Республикасының Есірткіні бақылау жөніндегі
мемлекеттік комиссиясы Хатшылығының
ҚҰРАМЫ

Қазақстан Республикасының Ішкі істер
министрлігі - 2 адам
Қазақстан Республикасының Денсаулық
сақтау министрлігі - 2 адам
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
Тергеу комитеті (келісім бойынша) - 1 адам
Қазақстан Республикасының Ұлттық
қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) - 1 адам
Қазақстан Республикасының Ауыл
шаруашылығы министрлігі - 1 адам
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
кеден комитеті - 1 адам
Қазақстан Республикасының Әділет
министрлігі (ҚазССҒЗИ) - 1 адам
Қазақстан Республикасының Білім және
мәдениет министрлігі - 2 адам
Қазақстан Республикасының Қорғаныс
министрлігі - 1 адам

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК